



**Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның
баяндамалар жинағы
"ХАЛЫҚ ӨМІРІНІҢ ЖОҒАРЫ САПАСЫН ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ
ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ"**

**Сборник докладов Международной научно-практической
конференции
«ГОСУДАРСТВЕННЫЙ АУДИТ В ОБЕСПЕЧЕНИИ ВЫСОКОГО
КАЧЕСТВА ЖИЗНИ НАСЕЛЕНИЯ И НАЦИОНАЛЬНОЙ
БЕЗОПАСНОСТИ»**

**Collection of reports of the International Scientific and Practical
Conference
"STATE AUDIT IN ENSURING HIGH QUALITY OF LIFE OF THE
POPULATION AND NATIONAL SECURITY"**

8 апреля 2022 года

УДК 336.1
ББК 65.052а73
С 23

Г Сборник докладов международной научно- практической конференции «Государственный аудит в обеспечении высокого качества жизни населения и национальной безопасности» = Collection of reports of the International Scientific and Practical Conference "State audit in ensuring high quality of life of the population and national security"= Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның баяндамалар жинағы "Халық өмірінің жоғары сапасын және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік аудит". – Нұр-Сұлтан: - 277 б.

ISBN 978-601-337-664-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және профессор-оқытушылар құрамының халық өмірінің жоғары сапасын және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жағдайындағы мемлекеттік аудиттің өзекті мәселелері бойынша баяндамалары кірді

The collection includes reports of students, undergraduates, doctoral students and teaching staff on topical issues of state audit in conditions of ensuring a high quality of life of the population and national security

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и профессорско-преподавательского состава по актуальным вопросам государственного аудита в условиях обеспечения высокого качества жизни населения и национальной безопасности

ISBN 978-601-337-664-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2022

№176-шы Жарлығы // [Электрондық ресурс] URL:
https://online.zakon.kz/m/document/?doc_id=35433839

5 «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Қазақстан Республикасы Президенті – елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан // [Электрондық ресурс] URL:

https://online.zakon.kz/m/document/?doc_id=31305671

6 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 29 қаңтардағы №41 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі бекіту туралы // [Электрондық ресурс] URL:
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1200001078/links>

7 Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасының қорытынды есебі // [Электрондық ресурс] URL:
<https://www.gov.kz/memleket/entities/dsm?lang=ru>

8 Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасының қорытынды есебі // [Электрондық ресурс] URL:
<https://www.gov.kz/memleket/entities/dsm?lang=ru>

9 Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы есебі // [Электрондық ресурс] URL:
<https://stat.gov.kz/>

10 Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2019 жылға арналған бюджетінің атқарылу қорытындылары туралы есебі // [Электрондық ресурс] URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/dsm?lang=ru>

11 Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасының қорытынды есебі // [Электрондық ресурс] URL:
<https://www.gov.kz/memleket/entities/dsm?lang=ru>

12 Концепция развития кадровых ресурсов здравоохранения на 2012-2020 годы // [Электрондық ресурс] URL: <https://www.zakon.kz/4485575-koncepcija-razvitija-kadrovykh-resursov.html>

13 Здоровье населения РК и деятельность организаций здравоохранения в 2015 году // Статистический сборник МЗСР РК. –2016. – 358 б.

АРНАЙЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АЙМАҚТАР ҚЫЗМЕТІ ТИІМДІЛІГІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТІ

Туякова К.Б.

«Мемлекеттік аудит» ББ 1 курс магистранты

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ.,

Қазақстан Республикасы

E-mail: tuyakova.kamilla@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада қазіргі уақыттағы Қазақстандағы арнайы экономикалық аймақтар қызметі тиімділігін дамытудағы басым бағыттар мен ерекшеліктері қарастырылған. Арнайы экономикалық аймақтар қызметі тиімділігіне әсер ететін басты факторлар мен осы аймақтардағы қызметтің тиімді дамуын тежейтін себептері көрсетілді. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитетімен жүргізілген аудит қорытындысы негізінде арнайы экономикалық аймақтардың қаржыландыру қызметтері мен тартылған инвестицияларды пайдалануға баға берілді. Арнайы экономикалық аймақтар қызметінің тиімділігін бағалау жүргізілді. Сонымен қатар, АЭА-ға инвестиция тартуға кедергі келтіретін жүйелі мәселелер қарастырылды. Арнайы экономикалық аймақтар қызметінің қазіргі жағдайы мен нәтижелеріне талдау жүргізілді. Есеп комитетімен жүргізілген тиімділік аудитінің нәтижесінде көрсетілген мәселелерді шешу жолдары ұсынылды. Қазақстанның арнайы экономикалық аймақтар қызметі тиімділігін арттыру перспективалары анықталды.

Аннотация. В статье рассмотрены приоритетные направления и особенности развития эффективности деятельности специальных экономических зон в Казахстане в настоящее время. Показаны основные факторы, влияющие на эффективность деятельности специальных экономических зон и причины, сдерживающие эффективное развитие деятельности в этих регионах. На основании результатов аудита, проведенного Счетным комитетом по контролю за исполнением республиканского бюджета, дана оценка использованию услуг финансирования специальных экономических зон и привлеченных инвестиций. Проведена оценка эффективности деятельности специальных экономических зон. Кроме того, были рассмотрены системные вопросы, препятствующие привлечению инвестиций в СЭЗ. Проведен анализ современного состояния и результатов деятельности специальных экономических зон. В результате проведенного Счетным комитетом аудита эффективности предложены пути решения указанных вопросов. Определены перспективы повышения эффективности деятельности специальных экономических зон Казахстана.

Annotation. The article considers the priority directions and features of the development of the effectiveness of special economic zones in Kazakhstan at the present time. The main factors affecting the effectiveness of the special economic zones and the reasons hindering the effective development of activities in these regions are shown. Based on the results of the audit conducted by the Accounts Committee for Control over the Execution of the republican Budget, the use of financing services for special economic zones and attracted investments is assessed. An assessment of the effectiveness of the activities of special economic zones has been carried out. In addition, systemic issues hindering the attraction of investments in the FEZ were considered. The analysis of the current state and results of the activities of special economic zones is carried out. As a result of the audit of

efficiency conducted by the Accounting Committee, ways of solving these issues are proposed. The prospects of increasing the efficiency of the special economic zones of Kazakhstan are determined.

Түйінді сөздер: экономика, арнайы экономикалық аймақтар, мемлекеттік аудит, тиімділік аудиті, арнайы экономикалық аймақтар қызметі тиімділігі, тиімділік көрсеткіштері.

Бүгінде өнеркәсіпті дамытудың басты құралы арнайы экономикалық аймақтар (АЭА) болып табылады. Сондықтан арнайы экономикалық аймақтар дүниежүзілік экономикалық тәжірибеге мықтап еніп, халықаралық экономикалық қатынастардың ажырамас бөлігіне айналды. Мәселен, шамамен 40 жыл бұрын бүкіл әлемде 80-ге жуық арнайы экономикалық аймақ болған болса, бүгінде бұл көрсеткіш 5400-ге жетіп отыр.

Арнайы экономикалық аймақтар инвестициялар тартудың, бизнесті ынталандырудың және экспортты ілгерілетудің неғұрлым тиімді тәсілдерінің бірі болып табылады. Көптеген елдер бұл құралды, әсіресе инвестициялар үшін жаһандық бәсекелестік жағдайында қолданатыны бекер емес.

Алайда, экономиканы дамутудағы қуатты құрал болса да, Қазақстанда бұл механизм АЭА-ды құру процесінде белгіленген, жоспарланған нәтижелерге және АЭА-тар қызметінің тиімділігіне әлі де қол жеткізбеді. АЭА саласында тиімділікке қол жеткізу қазіргі кездегі басты проблемалардың бірі болып табылады. Бұл жайлы мемлекет басшысы АЭА қызметінен өткен 10-15 жылда елеулі нәтижелер байқалмайтындығын атап кеткен болатын және арнайы экономикалық аймақтар уәде еткендей инвестициялар тарту және жаңа жұмыс орындарын құру аймақтарының бар-жоғын түсіну үшін елдегі осындай аймақтардың жұмысындағы оң және теріс тұстарына, арнайы экономикалық аймақтар үшін салықтық преференциялардың орындылығы мен тиімділігіне мемлекеттік аудит жүргізуді тапсырды [2].

Оған, шоғырландырылған бюджет кірістері 2005 жылғы жалпы ішкі өнімнің 32% - ынан 2019 жылы 18% - ға дейін қысқаруы, АЭА шеңберіндегі шартты шығындардың көлемі 2 трлн теңгеден асуы себеп болып отыр. Сондай-ақ 13 АЭА инфрақұрылымына қосымша 340 млрд теңге бюджеттен салынған болатын, нәтижесінде небәрі 170 млрд теңге салық алынып, барлығы 18 мың тұрақты жұмыс орны құрылды.

Арнайы экономикалық аймақтар қызметі тиімділігіне мемлекеттік аудит жүргізу осы саланың қызметіне әсер ететін басты факторлар мен осы аймақтардағы қызметтің тиімді дамуын тежейтін себептерді анықтай отырып, оларды шешу жолдарын ұсынууды көздейді.

Арнайы экономикалық аймақтар қызметінің тиімділігін бағалау үшін бір көрсеткіш жеткіліксіз. Сол себепті, ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі әр АЭА қызметі тиімділігі бойынша өлшемшартын бағалау кезінде мынадай көрсеткіштер ескеріледі: қатысушылар саны, арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың қатысушысы құрған жұмыс орындарының саны, инвестициялар көлемі, түскен табыс көлемі, арнайы

экономикалық және индустриялық аймақтардың басқарушы компанияларының жарғылық капиталына жеке инвестициялар көлемі, төлеген салық көлемі, кедендік төлемдер көлемі, құрылған және пайдалануға енгізілген инженерлік инфрақұрылым объектілерінің саны және инфрақұрылым құрылысына салынған бюджеттік инвестициялар. Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар қызметінің көрсеткішін бағалау үшін мәндердің 5 баллдық мән жүйесі қолданылады [1] [4].

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының АЭА-ы қатысатын арнайы экономикалық аймақтардың халықаралық рейтингтері бар. Тікелей инвестицияларға мамандандырылған Financial Times бөлімшесі FDI Intelligence әлемнің әртүрлі аймақтарында бірнеше жетекші аймақтарды бөліп көрсететін халықаралық рейтингті «Global free zones of the year» жыл сайын жариялайды. Мамандар бүкіл әлем бойынша АЭА-ның дамуын талдай отырып, өткен жыл ішінде әлемдегі неғұрлым перспективалы еркін аймақтарды таниды. Рейтинг резиденттер саны, оларды қолдау, жаһандық қамту, қолжетімді инфрақұрылым сияқты бірқатар көрсеткіштер негізінде жасалады, сондай-ақ сарапшылардың бағасы ескеріледі. 2019-2020 жылдары рейтинг сарапшылары Қазақстанның бірден 3 аймағы – Түркістан, Оңтүстік және Павлодардың жетістіктерін атап өтті. Онда шағын және орта бизнестің аумақты кеңейтудегі, өнеркәсіптік алаңдағы инфрақұрылымдық нысандарды жаңғыртудағы және брендті ілгерілетудегі қолдауды атап өтті.

Павлодар арнайы экономикалық аймағы алюминий кластерінің ең тартымды аймағы, қарқынды дамып келе жатқан аймақ, жаңа инвестициялар номинацияларында жеңіске жетті. Түркістан арнайы экономикалық аймағы редакцияны таңдау және маркетингтің ең жақсы ұраны, ал Оңтүстік арнайы экономикалық аймағы тоқыма саласындағы үздік АЭА және трансшекаралық ынтымақтастық номинацияларында жеңіске жетті [5].

Қазіргі кезде, Қазақстанда 13 арнайы экономикалық аймақ құрылған (1-сурет). Оның ішінде 3 арнайы экономикалық аймақ толық аяқталған, 5 арнайы экономикалық аймақтарда инфрақұрылым аяқталу сатысында, 2 арнайы экономикалық аймақтарда инфрақұрылымның аяқталуы 30%-дан 38%-ға дейін және «TURKISTAN», «Астана-Технополис» арнайы экономикалық аймақтарда әлі күнге инфрақұрылым құрылмаған.

2021 жылы Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитетінің ресми сайтында «Арнайы экономикалық аймақтар қызметінің тиімділігіне мемлекеттік аудит жүргізу» аудит шарасының нәтижелері туралы есеп жариялаған болатын [7].

Арнайы экономикалық аймақтар қызметі тиімділігінің мемлекеттік аудиті Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитетімен 2021 жылға бекітілген тізбеге сәйкес жоспарлы тәртіпте жүргізілді. Есеп комитеті АЭА инфрақұрылымының даму деңгейі, тартылған инвестициялар көлемі, өндіріс көлемі, құрылған жұмыс орындарының саны, экспорт көлемі, салықтық түсімдер (салықтық жеңілдіктер мен инфрақұрылымға арналған шығыстар түрінде мемлекеттік қолдау жағдайында) сияқты түйінді көрсеткіштер бойынша АЭА қызметінің тиімділігіне талдау жүргізді (1-кесте).

АЭА қызметінің тиімділігіне талдау жүргу барысында қолданылған түйінді көрсеткіштері

	АЭА қызметінің тиімділігіне талдау көрсеткіштері	Аудиторлық тексеріс нәтижесі
1	2	3
1	Инфрақұрылымының даму деңгейі	379,2 млрд. теңге
2	Тартылған инвестициялар көлемі	4 261,8 млрд. теңге
3	Өндіріс көлемі	3 879,9 млрд. теңге
4	Құрылған жұмыс орындарының саны	21 985 және уақытша 23 312 орынды құрады.
5	Экспорт көлемі	282,8 млрд. теңге
6	Салықтық түсімдер	172 млрд. теңге
Ескертпе: «Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитеті» ММ деректері негізінде құрастырылған [7]		

АЭА қызметінің тиімсіздігіндегі басты проблемалардың бірі АЭА-ның дамуы мен жұмыс істеуі процесінде инвестицияларды пайдаланудың тиімсіздігі мәселесі болып табылады. 2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша АЭА-ға нақты тартылған инвестициялардың жалпы көлемі 4 261,8 млрд. теңгені құраған, оның ішінде Астана құрылысына 71% және Түркістан қаласына, Петропавл қаласындағы ауруханаға және өнеркәсіпке 29% (2-сурет). 2020 жылға АЭА бойынша салынған шетелдік инвестициялардың жалпы көлемі (өспелі қорытындымен) 391,3 млрд. теңгені немесе инвестициялардың жалпы көлемінің 8,9%-ын құрады. Алайда, бұл соманың 65% – ы квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қатысуымен салынған инвестициялар. Яғни, республикалық бюджеттен немесе Ұлттық қордан бөлінген ақша. Сайып келгенде, мемлекеттік инвестициялардың бір теңгесіне үш теңгеден сәл артық инвестиция келеді, оның 1,1 – і – жеке меншік, қалғандары-квазимемлекеттік сектор.

Инвестициялардың тартылмау себебі инфрақұрылыммен қамтамасыз етілудің төмендігі. Арнайы экономикалық аймақтарда инфрақұрылымды дамытуға республикалық бюджеттен жалпы көлемде 371,6 млрд.теңге және жергілікті бюджеттен 7,6 млрд. теңге бөлінген (2 – кесте). Есеп комитеті Бірыңғай үйлестіру орталығымен АЭА-дағы инфрақұрылымының аяқталу деңгейі бойынша егжей-тегжейлі талдау жүргізді, нәтижесінде АЭА-дағы инфрақұрылым құрылысын аяқтауға әлі де 279,9 млрд.теңге қажеттігі анықталған.

Арнайы экономикалық аймақтарда инфрақұрылымды дамытуға бөлінген ақша қаражатының көлемі

Барлық бөлінген ақша қаражаты - 379,2 млрд. теңге	
1	2

Республикалық бюджет 371,6 млрд. теңге	Жергілікті бюджет 7,6 млрд. теңге
«Тараз» химиялық паркі» АЭА - 34,1 млрд. теңге,	«Qyzyljar» - 4,6 млрд. теңге
«ҰИМТ» - 161,7 млрд. теңге	«Астана - жаңа қала» - 0,8 млрд. теңге
«Қорғас - Шығыс қақпасы» АЭА - 36,8 млрд. теңге	«TURKISTAN» - 0,2 млрд. теңге
	«Павлодар»- 1,1 млрд. теңге
	«Ақтау теңіз порты» - 0,9 млрд. теңге
Ескертпе: Ескертпе: Ескертпе: «Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитеті» ММ деректері негізінде құрастырылған [7]	

Инвестицияларды тартуға кедергі проблеманың тағы бірі ірі инвесторлар үшін өтелімділіктің шектеулі мерзімдері. Kazindustry индустриялық инфрақұрылымын дамыту дирекциясының басшысы Нұрлан Құдияров: «әлемде АЭА-тардың орташа мерзімі 49 жылды, бір жерде 99 жылды құрайды. Біздің аймақтар 25 жылға ғана құрылады», - деп айтып кеткен болатын. Және осыған байланысты Қазақстанда арнайы экономикалық аймақтардың қолданылу мерзімін ұзарту, сондай-ақ АЭА-ға кіруі мүмкін қызмет түрлерін кеңейту ұсынылды [6][8].

АЭА құрудың негізгі мақсаттарына қол жеткізбеудің екінші себебі өндірістің және олардың көлемінің төмен технологиялық деңгейі. 2021 жылғы 1 қаңтарға өсу қорытындысымен тауарлар мен қызметтер өндірісінің көлемі басқарушы компаниялардың деректері бойынша 3 678,6 млрд. теңгені, ИДК деректері бойынша 3 879,9 млрд. теңгені құрады. Талдау көрсеткендей, 2017-2020 жылдары өңірлердің жалпы өңірлік өнімі көлемінде АЭА тауарларын, жұмыстары мен қызметтерін өндіру үлесі 1,4%-дан аспайды.

Құрылған жұмыс орындарының саны АЭА басқарушы компанияларының ақпараты бойынша 2020 жылдың соңында құрылған тұрақты жұмыс орындарының саны 21 985 орынды және уақытша 23 312 орынды құрады.

Үшінші басты мәселе құрылған АЭА-да білікті кадрлардың жетіспеушілігімен, өндірістік тізбектерді құру үшін көптеген АЭА-да негізгі жобалардың және нақты мамандандудың болмауымен байланысты. Кейбір арнайы экономикалық аймақтарда өндіріс ерекше сипатқа ие, сондықтан қазіргі кезде білікті мамандарды табу қиын. Сондай-ақ, АЭА қызметі туралы ақпаратқа ағылшын тілінде қолжетімділіктің шектеулілігі, бұл БҰО-ның инвесторларды тарту үшін көптеген маркетингтік іс-шараларының тиімділігін жоққа шығарады.

Бұл проблеманы өнеркәсіптің инновациялық салаларына бағдарланған инжинирингтік орталықтарды құру бұл мәселені шешуге көмектеседі деп ойлаймыз. Себебі, мұндай орталықтардың мақсаты барлық сатыларда жаңа өнімдерді әзірлеуді техникалық қамтамасыз етуді ұйымдастыру бойынша инжинирингтік қызметтер көрсету болып табылады.

Мәселені шешудің тағы бір жолы резиденттердің университеттермен және техникалық мектептермен келісе отырып АЭА-мен талап етілетін мамандарды даярлау және қайта даярлау. Сондай-ақ АЭА аумағында резидент

компаниялардың ерекшеліктерін ескере отырып, басқа аймақтардан келген студенттерді оқытуды аяқтау үшін арнайы білім беру орталықтарын құру болуы мүмкін.

Қорытындылай келе, Қазақстан Республикасында бұл салада әртүрлі проблемалар бар екенін атап өткен жөн. Бүгінгі таңда Қазақстанда АЭА құру және жұмыс істеуі жергілікті және мемлекеттік деңгейде қойылған мақсаттарға аз ғана қол жеткізді деп айтуға болады, бірақ Қазақстандағы АЭА-лар әлі де «жас» екенін және әртүрлі мерзімде құрылғанын ескерген жөн. Бұл дегеніміз, осы жаңа тапсырманы орындау кезінде көптеген қиындықтарды шешуге әліде де уақыт керек болады. Арнайы экономикалық аймақтар қызметі тиімділігіне мемлекеттік аудит жүргізу осы саланың қызметіне әсер ететін басты факторлар мен осы аймақтардағы қызметтің тиімді дамуын тежейтін себептерді анықтай отырып, оларды шешу жолдарын ұсынуды көздейді. АЭА қызметі дамуын тежейтін негізгі факторлар: шет ел инвестицияларының тартылмауы, инфрақұрылыммен қамтамасыз етілудің төмендігі, білікті кадрлардың жетіспеушілігі, жергілікті мамандар біліктілігінің төмен болуы, АЭА-ның жұмыс істеу мерзімінің шектеулігі. Сондай-ақ, біздің ойымызша құрылып жатқан АЭА басым бөлігі арнайы аймақтың ерекшеліктері негізінде құрылған, шетелдік елдерге қатысты бәсекеге қабілетті дайын өнім түрін өндіруге емес, құрылыс саласына бағытталған. Егер де, жоғарыда көрсетілген мәселелер шешілетін болса, болашақта Қазақстандағы арнайы экономикалық аймақтар Қытай еліндегідей «еліміздің экономикалық кереметіне» айналуы да әбден мүмкін.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. «Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 3 сәуірдегі № 242-VI ҚРЗ // [Электрондық ресурс] URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000242>
2. Выступление Президента Касым-Жомарта Токаева на расширенном заседании Правительства Республики Казахстан // [Электрондық ресурс] URL: https://www.akorda.kz/ru/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/vystuplenie-prezidenta-kasym-zhomarta-tokaeva-na-rasshirennom-zasedanii-pravitelstva-respubliki-kazahstan
3. Диагностическое исследование специальных экономических зон и индустриальных зон Казахстана // [Электрондық ресурс] URL: <https://www.carecprogram.org/uploads/2018-diagnostic-study-ecozones-kaz-ru.pdf>
4. «Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар қызметінің тиімділігін бағалау әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 12 тамыздағы № 637 бұйрығы // [Электрондық ресурс] URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900019248>
5. Global Free Zones of the Year Awards 2019 // [Электрондық ресурс] URL: <https://www.fdiintelligence.com/article/80260>

6. «KAZAKH INVEST» Ұлттық компаниясы » АҚ ресми сайты // [Электрондық ресурс] URL: <https://invest.gov.kz/kz/invest-guide/business-starting>

7. «Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитеті» ММ қорытынды аудиторлық есебі // [Электрондық ресурс] URL <https://www.gov.kz/memleket/entities/esep?lang=kk>

8. Қазақстандық индустрия және экспорт орталығы // [Электрондық ресурс] URL <https://qazindustry.gov.kz/kk>

СЕКЦИЯ 3 АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ЭКОНОМИКИ В ОБЕСПЕЧЕНИИ НАЦИОНАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУГЕ КЕТЕТІН БЮДЖЕТ ШЫҒЫНДАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН ҚҰРАМЫНА АУДИТ ЖҮРГІЗУ

Ағубаева Д.С., Ақмолда Ф.Б.

«Мемлекеттік аудит» ББ 3 курс студенттері

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: gaziakmolda@inbox.ru , dariga.agubaeva@mail.ru

Ғылыми жетекші: Жахметова Айнура Каиржановна
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті
«Мемлекеттік аудит» Кафедрасының аға оқытушысы

Аңдатпа. Мақаланың мақсаты Алматы облысының білім беруге кететін бюджет шығындарының құрылымы мен құрамына аудитторлық іс-шараларын жүргізу және білім беруге кететін бюджет шығындарының көрсеткіштерін талдауды жасау мен анықтау болып табылады. Зерттеу өзектілігі тиімді қаржыландырудың арқасында, сөзсіз, халықтың көптеген мәселелерін шешіп, адамдардың өмір сапасын едәуір жақсартуға бағытталған. Зерттеу барысында білім беруге кететін бюджет шығындарының шетелдік тәжірибесі мен Алматы облысының соңғы үш жылдағы, яғни 2018, 2019, 2020 жылдардығы білім беруге бюджеттен бөлінген қаражаттың мақсатты орындалуына талдау жүргізіліп, көрсеткіштер зерттелді

Түйінді сөздер: білім беру, ішкі аудит, бюджет, кіріс, шығыс, қаржы, шет ел, мониторинг, басқарма, бұзушылық, қаржы, департамент.

Аннотация. Цель статьи - провести проверки структуры и состава расходов бюджета на образование Алматинской области, а также проанализировать и определить показатели расходов бюджета на образование. Актуальность исследования, безусловно, направлена на решение многих